



ШЕШІМ  
28.02.2024

Астана қаласы

РЕШЕНИЕ  
№ 146/18-VIII

город Астана

**Астана қаласы бойынша Тексеру  
комиссиясының мүшесін тағайындау  
және аудиторлық іс-шараларды  
өткізу туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-1-тармағына, «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 47-бабының 3-тармағына және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 1-тармағына сәйкес, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясының мүшесі болып Алмагүл Асылханқызы Салыкова 5 жыл мерзімге тағайындалсын.

2. «Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясы» ММ-не «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ-де және оның ведомстволық бағынысты мекемелерінде қаржылық тәртіпті нығайту және жалақыны есептеу мен аударудың дұрыстығына мемлекеттік аудит жүргізу ұсынылсын.

3. «Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясы» ММ-не «Астана қаласы мәслихатының аппараты» ММ-нің қызметіне мемлекеттік аудит жүргізу ұсынылсын.

Астана қаласы  
мәслихаты төрағасының м.а.

А. Смағұлов